

᠑ᠶᠠᠮᠠᠨᠢ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪɓbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Түрікмен жазуы – түрікмен тілінің жазу үлгісі. Т.ж. XIII-XIV ғасырларда араб әліпбиі негізінде қалыптасты. 1922 және 1925 жылдары бұл әліпбиге реформа жасалды. Реформа кезінде әліпбиге диакритикалық таңбалар енгізілді. Ауғанстан, Ирак және Иран түрікмендері әлі де осы әліпбиді қолданады. 1928 жылы түрікмен халқының латыннегізді әліпбиі бекітіліп, 1929 жылы мемлекет түбегейлі осы әліпбиге көшті. Латыннегізді әліпбиде бастапқыда 40 таңба болды. Кейіннен әліпбиден ресми түрде *ç, ç және x* алынып тасталды. 1930 жылдың соңынан бастап КСРО елдері жазуының кирилденуіне байланысты Түркіменстан мемлекеті де кирилнегізді әліпбиге көшті. КСРО-ның құлауымен Түркімен елінің әліпбиіне тағы да реформа жасау қолға алынды. 1992 жылы жаңа латыннегізді әліпби жарияланды. Бұл әліпбиде түрікмен тілінің *ө, ү, ы* сынды дыбыстары *q, v, x* таңбаларымен берілді. Кейіннен бұл дыбыстарды доллар, йен және фунттың белгілері *£, \$, ¥* таңбаларын беріп, бұл әліпбиді мемлекет басшысы бекітеді. Көп ұзамай бұл әліпби де өзгерді. 2000 жылдан бастап қазіргі латыннегізді әліпби қолданылып келеді.

A a	B b	Ç ç	D d	E e	Ä ä	F f	G g
H h	I i	J j	Ž ž	K k	L l	M m	N n
Ň ň	O o	Ö ö	P p	R r	S s	Ş ş	T t
U u	Ü ü	W w	Y y	Ý ý	Z z		

«Түрікшелер құрылтайы» – А.Байтұрсынұлының «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 7-8-сандарында жарияланған мақаласы. Мақалада ғалым 1926 жылдың 26 ақпаны мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен бүкілодақтық құрылтай жайын баяндайды. Құрылтайда 14 мәселе сөз болып, әрбірінен 4-5, 8-9 баяндама жасалғанмен, «құрылтай шақырушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашушылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрғанын» айтады. А.Байтұрсынұлы құрылтайға қатысқан көрнекті тұлғаларды; кімнің қай тақырыпта баяндама жасағанын атай келіп, мәселелердің бәрін сипаттап шығу мүмкін емес екенін, құрылтай стенограммасы басылып шығатынын ескертеді және оқуға қатысты мәселелерді сөз етеді.

Түсіңкі дауыстылар – айтуда тілдің төменгі деңгейде көтерілуі арқылы пайда болатын мейлінше ашық дауыстылар (а, ә).

Тыва жазуы – түркі тілдері тобына жататын тыва тілінің жазуы. Жеке хат-хабарларда және 1920 жылдардың басынан бастап, Танну-Тува Халық Республикасы құрылғаннан кейін, баспа басылымдарында және іс қағаздарында тывалықтар